

- 19 Дивана-и-Машраб. Жизнеописание популярного представителя мистицизма в Туркестанском крае. С тюркского перевел и снабдил примечаниями Н.С. Лыкошин. – Самарканд: Типо-Литография Т-ва «Б.А. Газаров», 1910. – 244 с.
- 20 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. – Т. IV. Мухамед-Садық Қашғари. Тазкира-йи азизан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 350 б.
- 21 Тарих-и Кашгар. Факсимиле рукописи; издание текста, введение и указатели О.Ф. Акимовича. – СПб: Петербургское Востоковедение, 2001. – С. 296.

ӨОЖ 811.512.122' 366

Мұхамеди Қ.Т.

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Сулейман Демирель атындағы университет ,
Алматы, Қазақстан
e-mail: Kuralay_sdu@mail.ru*

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СЕПТЕУЛІКТЕРДІҢ СЕПТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ БІРЛІГІ РЕТІНДЕ ТАНЫЛУЫ

Abstract. One of the units of linguistics, which create analytical declension, is postpositions. Because between postposition and declension's historical roots there is close contact. Analytical service to the twin brother of the grammar, grammatical sense, and the main supplier of the declension of words, combined with cost grammatical value, because it depends on the key word. Their application proves that there is stability in postposition's word phrase. Postposition does not change the meaning of declension. In historical roots of postposition and declension there is a close relationship. Postposition was a process to be connected to the endings. It is proved in linguistics, historical and etymology works.

Key words: linguistics, analytical, grammatical value.

Септеуліктер түркітанымда да, қазақ тілінде де молынан зерттелген мәселелердің қатарынан саналады. Септеуліктер ертеден, тіпті ХҮІІІ ғасырдың ортасынан қазіргі күнге дейін зерттеліп келеді. Септеуліктер И.Гиганов, А.Троянский, А.Казем-Бек, кейінірек В.А.Гордлевский, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, А.М.Щербак, Н.Е.Щербак, Н.Е.Петров, М.З.Закиев, В.А.Исенғалиева, Дж.Мураталиева, Ф.А.Ганиев, Г.П.Александров, Г.И.Донидзе, З.Б.Мулюкова, Т.М.Тошакова, Н.Х.Максютова, Х.Т.Ахтамова, Г.Г.Фиксакова, С.Ф.Гарифулин, А.А.Коклянова, Ф.Р.Закиев, М.Н.Хыдыров Ф.Кенжебаева, И.П.Пулатов, К.Е.Ертаев т.б. ғалымдар зерттеулерінде қарастырылған.

Тіпті кейбір түркі тілдерінде септеулік шылаулардың есім аналитикалық тұлғасын жасайтыны туралы зерттеулер де бар. Ал қазақ тілінде ол туралы бірлі-жарым пікірлер, ой тұжырымдар болмаса арнайы зерттеу еңбек жоқ. Жалпы бұл – арнайы тоқтауды, жан-жақты талдауды қажет ететін аса маңызды мәселелердің бірі. Септеулік шылаулардың септік категориясына тән қырлары мен қызметі көптеген лингвистердің назарына іліккен.

Түркі тілдерінде септеуліктердің септік мағынасын беретіні И.Гиганов, И.Хальфин, А.Троянский т.б ғалымдар еңбектерінен белгілі болды.

Кезінде В.А.Богородицкий септік мағынасы септеуліктер арқылы да берілетінін айтқан болатын. В.А.Богородицкий: «...падежи выражаются или падежными окончаниями, или послелогоми, соответствующими русским предлогам» - деп жазған [1, с.147].

А.Н.Кононов 1948 жылы жазған «Грамматика узбекского языка» деген еңбегінде өзбек тіліндегі есім сөзбен септеуліктердің тіркесін аналитикалық тұлға деп танып, аналитикалық тұлға деген атауды қолданған [2].

Татар тілінің маманы Ф.А.Ганиев татар тіліндегі нольдік тұлғадағы есім сөзбен септеуліктердің тіркесін аналитикалық септік деп атаған, сөйтіп ғалым септеулік шылауларды аналитикалық тұлға жасаушы бірлік ретінде таныған. Ф.А.Ганиев аналитикалық септік туралы: «Оформляется сочетанием имени существительного с нулевым аффиксом + послелог» - деп жазады [3; с.28]. Ғалым Ф.А.Ганиевтің септеуліктердің аналитикалық тұлға жасайтындығы туралы теориялық тұжырымдары ғылымда тілшілер тарапынан қолдау тауып, зерттелу үстінде.

Атап айтқанда, өзбек тілінің маманы Х.Т.Ахтамова 1981 жылы «Послеложные аналитические формы в современном узбекском литературном языке» атты тақырыпта кандидаттық диссертация жазып, өзбек тіліндегі септеуліктер арқылы жасалған аналитикалық септікке сипаттама береді. Ғалым Х.Т.Ахтамова септеуліктер қатысымен жасалған аналитикалық және синтетика-аналитикалық (аралас) тұлғалардың мағыналарын жан-жақты ашуға тырысады. Х.Т.Ахтамова өзбек тіліндегі таза аналитикалық септік жасаушы 25 септеулік шылаулардың аралас тұлға (синтетика-аналитикалық септік) жасаушы 37 септеулік шылаудың мағынасына талдау жасайды. Сол септеуліктердің ішінде **билан** және **учун** септеуліктері арқылы жасалған аналитикалық тұлғаларға автор ерекше тоқталады. Себебі, билан және үшін септеуліктері өзбек тілінде аналитикалық септік жасауға белсене қатысатын септеуліктер болып табылады. Автор «билан» септеулігі арқылы жасалған аналитикалық септіктің – 10, ал «учун» арқылы жасалған септіктің аналитикалық тұлғаларын білдіретін 8 түрлі грамматикалық мағынаны атап көрсетеді. Х.Т.Ахтамова: «Наиболее активными являются послелоги билан (10 значений) и учун (8 значений) – дей келіп, билан септеулігі арқылы жасалған аналитикалық тұлғаның мынадай 10 түрлі мағынасын анықтаған: «Аналитические формы, образованные с помощью послелога билан, выражают следующие основные значения: а) совместности-сопроводительности; б) орудия (средства); в) времени; г) места; д) признака действия (или состояния); е) причины; ж) цели; з) объекта; и) фразеологически связанное; к) конструктивно-обусловленное» [4; с.10] – дейді. Сондай-ақ ғалымның айтуынша, көптеген грамматикалық мағыналар бірнеше септеуліктер арқылы берілетін болса, төрт грамматикалық мағына- бірлестік (совместности), құрал (орудия), іс-әрекеттің біреуге арналғандығын (предназначенности) және алмасу (замена) мағыналарын тек **билан**, **учун** септеуліктері ғана білдіре алады. Х.Т.Ахтамованың зерттеуі қолданыс негізінде функционалды грамматика тұрғысында жазылған.

Қазақ тіліндегі септеулік шылаулардың септіктің аналитикалық тұлғасын жасайды деген пікірді алғаш айтқан ғалым - Н.Оралбаева. Тілші-ғалым жоғарыда аталған 1986 жылғы А.Қалыбаевамен бірге жазған монографиялық еңбегінде септеуліктердің тұрақты тіркесетін септеуліктерінің болуы, септеуліктердің белгілі септіктердің мағынасын ғана толықтыратынына ерекше көңіл бөліп, оларды аналитикалық септік деп атаған.[5]

Профессор Н.Оралбаева: «...шылаудың біраз тілдерде қосымша дәрежесіне жетіп, септіктің бір түрі ретінде танылып келе жатқанына қарамастан, көптеген түркі тілдерінде оның септіктің аналитикалық тұлғасы деп танылмауы тек қана синтетикалық

грамматиканы танудың әсері қаншалықты күшті екенін дәлелдейді» - деп, аналитикалық септіктің тілде осы уақытқа дейін танылмай келе жатқандығын тілде синтетикалық грамматиканың әсерінің күштілігімен түсіндіреді.[5]

Н.Оралбаева морфология оқулығында (2007) септеулік шылауларды аналитикалық септіктің екінші түрі деп таныған. Н.Оралбаева: «...септеулік шылаулар септік жалғаулы сөзге тіркесіп,септіктің мағынасына түрлі реңк қосып, септік мағынасын күрделендіреді. Мысалы: Ұялма дегені көңіл үшін,Ұсақ құлаң бір ғана өмір үшін (А.Қ.). Жалт қарасам, Шұға үйіне қарай кетіп бара жатыр екен (Б.М.). Жұмыстан кейін кездесейік(С.М.). Бидай мен қатар тары да ектік(С.М). Осы мысалдардағы көңіл үшін, өмір үшін, үйіне қарай, жұмыстан кейін, бидаймен қатар деген сөздер аналитикалық септіктің атау, барыс, шығыс, көмектес септік тұлғасындағы сөздер» [6; б.119] - дей келіп, олардың әрқайсысының синтетикалық септіктен аз да болса мағыналық, реңктік айырмасы бар екенін айтады, мәселен, *көңіл үшін, өмір үшін* деген сөзтұлғаларда себеп мәні бар десе, *үйіне қарай* дегенде септіктің бағыт мағынасын күшейткен, ал *жұмыстан кейін* деген сөзтұлғада мезгіл мәні, *бидаймен қатар* дегенде қатарлас өзге заттың бар екенін аңғартады дейді.[83].

Сондай-ақ ғалым Н.Оралбаева «септеулік шылау» атауының өзі оның септік жалғауымен қызметі, мағынасы жағынан сипаттас екеніне, әрі септеулік шылаудың септік категориясынсыз қолданылмайтынына байланысты қалыптасқан дейді. Ол туралы автор оқулықтың «Септеулік шылаулар» деген бөлімінде айтқан.Оқулықтан дәйексөз келтірейік: «...септеулік шылаулар белгілі септіктерге байлаулы, яғни септеулік шылаулардың мағыналары белгілі септіктің мағынасына байланысты. Сондықтан да септеулік шылаулар септік категориясынсыз қолданылмайды. Басқа шылаулардан септеулік шылаулар осы қасиеті арқылы ерекшеленеді. Сондықтан да шылаудың бұл түрі септеулік шылау аталған [6; б.351].(Астын сызған – Қ.Мұхамәди).

Ғалым М.Оразов септеулік есім аналитикалық тұлғасын жасайды деп санайды. М.Оразов: «Есім сөздерде аналитикалық форма бар, ол септеулік шылаулардың қатысуымен жасалынады» -деп жазады [7; б.41]. Сол сияқты ғалым септеулік арқылы жасалған есім аналитикалық тұлғаларына *үйге қарай, үйге дейін* дегендерді мысалға келтіреді. Ол туралы ғалым былай деп жазады: «Егер септеулік шылау сөздер арқылы берілген мағынаны грамматикалық мағына дейтін болсақ, онда **үйге қарай кетті, үйге дейін барды, келген бойда айтты** дегендер есім сөздердің аналитикалық формасы болып саналады» [7;б. 46].

«Септік», «септеу», «септеулік» сөздерінің сыртқы тұлғасы үндес, мазмұндық сипаты үйлес келуінің өзіндік себебі бар. Ғалымдар осы атаулардың арасындағы байланысқа мән беріп, көңіл аударған.

Жоғарыдағы қосалқылар туралы Қ.Жұбановтың пікірін жалғастырып қана қоймай, ғалым қолданған терминдерді сол қалпында қолдану керек дейтін ғалым – Е.Мергенбаев. Е.Мергенбаев 1994 жылы шыққан «Қазақ тіліндегі сөзөзгерім жүйесі» деген еңбегінде қазақ тілінің сөзөзгерім жүйесін синтетикалық сөзөзгерім және аналитикалық сөзөзгерім деп екіге бөліп қарастырады. Аталмыш еңбегінде ғалым: « Қосалқы жөнінде алғаш рет пікір айтқан Қ.Жұбанов болатын. Бірақ осы пікір соңғы жылдарға дейін мүлде ұмыт болып келді де, етістіктің аналитикалық формасының екінші компоненті ретінде Н.Оралбаеваның зерттеулерінен орын алды. ...Қ.Жұбанов қосалқылар қосылып айтылған сөзтұлғаны (сөзформаны) бүтіндей тіркесімен алып, «қосалқы сөз» деп атаған. ...Біздің ойымызша, Қ.Жұбановтың атауын негізге алып, сөздің мұндай түрлерін «қосалқы сөзтұлға» деп атаған жөн» - деп жазады [8; б.98-99].

Е.Мергенбаев Қ.Жұбанов ойын одан әрі дамытып, аяқ қосалқыларды іштей шектемелер және көмекшілер деп екіге бөледі де, шектемелерге демеуліктерді (*ғана, түгіл, -ақ, екеш т.б.*) жатқызса, ұқсамаларға (*нан-пан, ет-мет, қазы-мазы т.б.*) дегендердегі *пан, мет, мазы* сияқтылар жатады деп түсіндіреді. Сөйтіп, ғалым шектемелердің өзін демеуліктер және ұқсамалар деп екіге бөлген. Ал көмекшілердің төрт түрін көрсеткен: 1.Көмекші есімдер: *қасы, үсті, іші* т.б. 2. Көмекші етістіктер: *бол, қал, сал т.б.* 3.Септеулік шылаулар: *дейін, шейін, гөрі т.б.* 4.Демеулік шылаулар: *-ақ,-ау, зой т.б.*[8; 99б.]. Ғалым септеуліктердің сөзге тіркесін «септік қосалқы шылаулар» деп атап, әрбір септеулік шылауларды мағыналарына талдау жасай келе, оларды аналитикалық тіркес (яғни аналитикалық тұлға) деп ашық айтып отырған. Мәселен, Е.Мергенбаев былай деп көрсетеді: «*Қарай, жақын* мағынасында қолданылатын «таман» шылауы мезгілдік-мекендік мағына беретін аналитикалық тіркес құрамында қолданылады: *үйге таман, күзге таман, өріске таман т.б.*»[8; б.120].

Септеуліктердің қызметі мен мағынасы жағынан септік жалғауларымен ұқсас болып келетінін ғалымдар айтып та, жазып та жүр. Ал тіпті кейбір ғалымдар септеуліктер мен септік жалғауларының ұқсастығы соншалықты оларды ажыратудың өзі қиын, әрі күрделі екенін мойындайды. Мәселен, кет тілінің зерттеушісі В.Э.Шерер «Послеложные конструкции в кетском языке» деген кандидаттық диссертациясында былай деп жазады: «Трудность и сложность отграничения послелогов от падежных показателей в кетском языке заключается в том, что и те другие выражают в целом одинаковые отношения между словами в предложении» - деп көрсетеді [9; с.15]. Ғалым В.Э.Шерер септеуліктер мен септік көрсеткіштерінің ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар деп санап, олардың 8 түрлі ұқсастығы мен 8 түрлі айырмашылығын атап көрсетеді. В.Э.Шерердің айтуынша, олардағы **бірінші ұқсастық**-олардың екеуінің де көлемдік (пространственные) қатынасты білдіруінен көрінеді.

Екіншіден, екеуі де тарихи тегі жағынан дербес мағыналы есімдерден шыққан.

Үшіншіден, септік көрсеткіштері сөз құрамындағы морфема болса, септеуліктер де синтаксистік қатынас тұрғысынан морфемадаға жатады.

Төртіншіден, екеуінің де есімдермен тіркесінде ұқсастық бар.

Бесіншіден, олардың екеуінің де есімдерден (түбірден) кейін келетін қатаң орын тәртібі бар.

Алтыншыдан, екеуі де жалғаулықтар сияқты байланыстырушылық қызмет атқарады.

Жетіншіден, екеуі де кейде бір емес, бірнеше зат есімдерден кейін келе береді.

Сегізіншіден, олардың екеуінің де тұлғасы өзгермейді, түрленбейді.

Біз В.Э.Шерер көрсеткен септеуліктер мен септік көрсеткіштеріне тән ортақ сәйкестіктерді әдейі көрсетіп отырмыз, ғалым атаған 8 түрлі ұқсастық олардың бір-бірімен байланысты қаралуына, септеуліктерді аналитикалық тұлға жасаушы көрсеткіш ретінде қабылдауға итермелеп отыр. Осындай ұқсастықтарды олардың мағынасына қатысты да айтуға болады. Септік қосымшалары білдіретін мекен, мезгіл, себеп, мақсат, бірлестік т.б. мағыналар септеуліктерде де бар. Бірақ септік қосымшаларының мағынасы көбіне жалпы мағыналы немесе көп мағыналы болып келеді. Кейде бір септік қосымшасы бірнеше мағына береді. Ал септеулік шылаулардың өзінің негізгі мағынасы болады. Сондықтан лингвистикада септеуліктерді мағынасына қарай топқа бөлу тәжірибесі бар. Мәселен, 1. мезгіл-мекен мағыналы септеуліктер: *дейін, шейін, бойы бойында, таман, салым*; 2. Амал мағыналы септеуліктер: *бойынша, бірге, қабат, қатар*. 3. Мақсат мағыналы

септеуліктер: үшін; 4. Қатыстық мағыналы септеуліктер: туралы, жөнінде, жайлы. 5. Теңеу, талғау мағыналы септеуліктер: сияқты, секілді, тәрізді т.б. Септеуліктер мағынасы септік категориясы мағынасының үстіне қосылып, оны түрлендіреді, толықтырады, оның (септік жалғауларының) мағынасын аша түседі. Мысалы: *Өнеге алу үшін емес, өнер жарыстыру үшін келетіндер көп* (М.Мағауин); *Онсыз да малдары үшін Абайға алғыс айтып жатқан кәрілер енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалды* (М.Әуезов). Осы сөйлемдердегі атау септік мағынасы септеулікпен келіп, аналитикалық тұлғаға ауысып, алғашқы сөйлемде мақсат мағынасын, екінші сөйлемде себеп мағынасын білдіріп тұр.

Екі анасын көңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиха» сияқты қиссаларды оқып береді (М.Әуезов); *Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлайды* (М.Әуезов); *Өзге балалардан гәрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты* (М.Әуезов); *Ол тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес* (Абай). Бұл тілдік деректердегі айқызу үшін, өзге баладан гәрі, адаммен бірге дегендер аналитикалық септіктің атау, барыс, шығыс, көмектес септік тұлғасындағы сөздер. Бұл аналитикалық септік тұлғасындағы сөздер дәл осындай тұлғадағы синтетикалық септіктен сәл айырмасы бар. Ол айырмашылықтар мынадай: 1) *айтқызу үшін* дегенде мақсаттық мән болса, 2) *піскенге шейін* дегенде мезгіл мағынасы нақтыланған, 3) *өзге баладан гәрі* дегенде таңдау, талғау мәні бар, 4) *адаммен бірге* дегенде қатарлас, бірге жасалған дегенді білдіреді. Тіпті осы мысалдардағы кейбір септеулік арқылы жасалған аналитикалық тұлғадағы (септіктегі) сөзді ешбір септік қосымшасы алмастыра алмайды. Бұл - олардағы ерекшелік. Олардың мағынасында ешқандай ерекшелік болмаса оның біреуі қолданыстан шығып қалар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Богородицкий В.А. Введение в татарском языкознание. 2-е изд., Казань, 1957.с147.
- 2 Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка. Москва, 1948
- 3 Ганиев Ф.А. О синтетических и аналитических падежах в татарском языке// –Вопросы тюркология. – Казань,-1970,с.74-84
- 4 Ахтамова Х.Т. Послеложные аналитические формы в современном узбекском литературном языке. Автореферат. на соис.учен.степени канд.филол.наук. Ташкент.1981
- 5 Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі.-Алматы., 1986.-192б.
- 6 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.-Алматы, 2007.-208б.
- 7 Оразов М. Көмекші сөздер. Ташкент,1997
- 8 Мергенбаев Е. Қазақ тіліндегі сөзөзгерім жүйесі.-Алматы, 1994.-145б.
- 9 В.Э.Шерер. Послеложные конструкции в кетском языке. Автореферат. на соис.учен.степени канд.филол.наук. Нальчик,1973.